



ПРИОЗЕРСКИЙ

Вестник

18+

№ 09/757

2022 жылғы 04 наурыз

Газет 2004 жылдың 26 маусымынан бастап шығады

ӘЙЕЛДЕРДІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Құрметті Ханымдар!



Ардақты аналар, аяулы арулар! Сіздерді 8 наурыз - Халықаралық әйелдер күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз! Көктемнің шуақты сәті аналарымыз бен аруларымыздың мейрамынан бастау алады. Ізгі ниет пен сұлулыққа, сырбаз сезім мен сыйластыққа толы осы күн жан-дүниені жадыратып, жүректерге жылу береді. Әйел бақыты - жар сүю, ана болу, елге тұтқа, ұрпаққа пана болу. Бір қолымен бесікті, екінші қолымен әлемді тербеген аналар қауымы ел ертіне нәр, тіршілікке әр беретін айрықша күшке ие.

Сіздерді мерекелеріңізбен құттықтай отырып, зор денсаулық, отбасыларыңызға бақ-береке, еңбектеріңізге табыс тілеймін! Әрдайым жадырап, гүлдей құлпырып жүре берейсіздер!

Ізгі тілекпен,

Қала әкімі

Мәслихат хатшысы

С.Сатаев

Б.Сәрсембеков

ПОЗДРАВЛЯЕМ С МЕЖДУНАРОДНЫМ ЖЕНСКИМ ДНЕМ!

Дорогие и милые женщины!



От всей души поздравляем вас с Международным женским днем 8 марта!

В этот весенний день мы начинаем с праздника женщины. Этот день, наполненный добротой и красотой, яркими чувствами и уважением, наполнен душевным теплом. Пусть каждое мгновение вашей жизни приносит море счастья,

тепла, улыбок и замечательного настроения!

Желаем вам всегда любить, быть любимыми, оставаться неотразимыми и осуществлять свои мечты!

Суважением,

Акима города

Секретаря маслихата

С.Сатаев

Б.Сәрсембеков

ӘЛЕМНІҢ ЖАРЫҒЫН СЫЙЛАҒАН...

Жер-Ананың бауыры бусанып, дала-белдер көгеріп, табиғаттың барша жаратылысы жанданып, қатал қысты артқа қалдырған адам баласы қуанышқа кенеліп, жаны жадырай бастған көктем айының басталар шағындағы Наурыздың алғашқы онкүндігінің 8-жұлдызында әйел-қыздар мерекесін тойлау әзілден келе жатқан салтымыз. Мұндай қуанышты кезде АНАЛАР туралы жылы лебіз, жақсы сөз айтып қалуға, бүкіл әлемнің жарығын бізге сыйлаған Аналарды құттықтап, қуанышқа тырысатынымыз белгілі. Сондықтан да, қатардан қалмай, төмендегі ізгі ниетім мен игі тілегімді, жыр шумақтарын әзіз Аналарға арнамақпын!

«Ізгілік атаулының бәрі күннің нұры мен ананың ақ сүтінен жаралған» - дейді халқымыз. Ана – тіршіліктің алтын арқауы. Асыл ана туралы қасиетті де құдіретті сөздер, аңыз-әңгімелер жеткілікті. «Жәннат – ананың табанының астында» - деген екен қасиетті хадисте. Осы сөздердің астарында теңіздей терең мағына жатқаны аян. Өмірдің мәні мен сәніне айналған ардақты аналарға берілген ең лайықты баға «Анашым! Асыл анам, есіл анам, Елжіреп есіркеймін, есіме алам. Мен үшін сен суалтқан ақ сүтінді ақтамасам, боп жүрмін несіне адам», - деп Мұқағали ақын жырлағандай, әр адамның ананың алдындағы парызы бар екені рас. Қазақ халқы ананы құрметтеуге, қадірлеуге үндеген. Оның дәлелін бізге бүгінге дейін жеткен даналық сөздерден, қанатты сөздерден табамыз. Мәселен, «Ана алдында – құрмет, Ата алдында – қызмет», «Ағайын – алтау, Ана – біреу», «Ананың сүті – бал, баланың тілі – бал», «Ананың ойы – ұяда, Баланың ойы – қияда», «Анаң ауыр сөз айтпа! Атыңа ауыр жүк артпа!», «Ана сүтін ақтамағанды, ешкім мақтамайды», «Анасы бардың панасы бар», «Әке ақылы – бұлақ, Ана ақылы – шырақ», «Алып анадан туады, Ат биеден туады», «Ананың алақаны балаға айдынды қоныс» тағы сол секілді бұл тізімді осылайша жалғастырып кете берсек болады.

Сонау Хауа анадан бастап бүгінгі күнге дейін қаншама аналар тарихы арқылы біз ананың көптеген өмір сыйлаушы, мейірім ұясы екендігіне көз жеткізіп келеміз. Тоғыз ай, тоғыз күн құрсағында көтерген баласын ақ сүтін беріп өсіретін, сонымен бірге адалдық, имандылық, адамгершілік қасиеттерді саби бойына сіңіретін де – Ана. Сондықтан бар адамзат ананың алдында бас иеді. Мұхаммед пайғамбарымыздың: «Ең алдымен, анаға құрмет ет, екінші, тағы да анаға құрмет ет...» деуі бекер болмаса

керек. Жұмақтың кілтін де ананың табанының астына салып берген. Бабаларымыздың: «Анаңды Меккеге үш рет арқалап барсаң да, ақ сүтін өтей алмайсың» деген ұлағатты сөзі де осының дәлелі. Дүниеге өмір сыйлаушы әйел-ананың Алла -мейіріне бөленгені туралы әңгімелер де өте көп. Ел қорғаған батыр да, сөз маржанын терген ақын да ананың құрсағынан жаратылды. Алтын құрсақты аналарымыздың арқасында небір даналар, небір ғалымдар, небір батырлар, хандар мен билер дүниеге келді. Анасының ақ сүтімен бірге өн бойына сіңірген ана тілінің қасиетін сездім. Халқына қызмет етті. Ананың ақ сүтімен иман нұры да бала бойына тарайды. Ұлы Абай дана-



мызға анасы Ұлжан, Шоқандай ғұламамызға анасы Зейнеп, Мұхтардай заңғарымызға анасы Нұржамал иман нұрын осылай сепсе керек. Ана туралы жазушылар да, ғұламалар да, ғалымдар да көптеген терең дүниелер қалдырған. Соның айғағы ретінде біраз ойшылдардың ана туралы мына ойлары адамзатқа ой саларлық. В.Г.Белинский: «Дүниеде ана махаббатынан қасиетті нәрсе жоқ. Оның алдында адамды ынтықтырушы өзге дүниелер әлсіз келеді» десе, В.Гюго: «Нәзіктік атаулының жиынтығы – ананың алақаны, сондықтан да ол – саби үшін ең жылы ұя» десе, Қазақ жазушысы Ғабит Мүсірепов болса: «Ана алдында өлім де мойын ұсынады» деген екен. Адамзатқа әлемнің жарығын сыйлаған ана алдында бәріміз де бас иеміз. Бүгінде ұрпақ өсіруімен қатар, ел еңсесін көтеруде өз үлестерін қосып келе жатқан қазақ әйелдері қандай құрметке болса да лайық.

АНА... Қандай керемет сөз десенші! Осы бір үш-ақ әріптен тұратын сөзде мұхиттың тереңдігіндей тұңғыық ойлар жатыр. Осы асыл жан әрқашан бізді жақсы көреді. Біз шыр етіп дүние есігін ашқан кезден бастап бізді бағып - қағып, біз үшін отқа да, суға да түсті. Ана деген сөз әрқашан киелі. Ешкімде аспаннан салбырап түскен жоқ. Бәрімізге жарық дүние есігін ашқан – ана. Бауыр еті баласы үшін аналар не істемейді десенші? Ана туралы айтатын ой, шертетін ән көп. Қандай ақын болмасын, анасын әрқашан жырына қосып жүрген. Біздің қазақ ақындарымызда ондай өлеңдері жетерлік. Менің өзім де ең алғаш-

тым жоқ», - деп айтатын балалар бар екенін көріп жүрміз. Осы сөздің өзін, сол ананы жұмсаған ісінен артық, маңызды іс бардай жұлқына айтып, есікті сыртынан жауып кете барамыз. Осындай жағдай басыңыздан бір рет болсын өтті ғой? Ия, мойынданды. Ал дәл сол кезде біз үшін маңызы жоқ, күнделікті ауызекіге айналып кеткен «Ана қойшы», - деп сілкіп айтылған сөзден, ананың жұдырықтай «Балам», - деп соғып тұрған жүрегінің орнынан сәл ауытқып барып орнына түсіп, ананың жүрегіне кішкене қара дақтың түскенін білеміз бе? Жоқ!!! Жұдырықтай жүректі қара дақтар жаулап алса, ол жүрек махаббат, ыстық ықылас, мейірім көрмесе, күн сәулесін көрмеген гүлдей бір-ақ күнде солып қалуы ықтимал ғой. Аналар еш нәрсені білдірмейді, сездірмейді, көрсетпейді. Олар өте құпия жандар. «Ата-ана қадірін балалы болғанда білесің», - дейді дана қазақ.

8-наурыз – әйел-қыздар мерекесі қарсаңында Приозерск қаласында тұратын барша аналарды, нәзік жандарды «Приозерский вестник» газеті ұжымының және өзімнің атымнан шын жүректен құттықтай отырып, оларға зор денсаулық, қажымас қайрат, ұзақ өмір, баянды хәм отбасылық бақыт, қуанышшаттық тілеймін! Төмендегі жүректен шыққан жыр шумақтары Сіздердің құрметтеріңізге арналады, әзіз Аналар!

Бала үшін шыбын жанын қинаған, балама деп дүниені жинаған. Аялаумен құрсағында көтеріп, бұл әлемнің жарық-күнін сыйлаған.

Бала үшін тәулік бойы тынбаған, тіршіліктің тоқпағына сынбаған. Аналардың бір түніне қарыздар, бала түгіл, дөңгеленген бұл ғалам!

Перзентім деп бір сәт тыным

алмаған,

жеткізем деп бар өмірім арнаған.

Қарсы тұрған көкірегімен қылышқа, Аналардың ерлігіне таң қалам!

Бала үшін бар ауырды көтерген, аспандағы Ай мен Күнді өперген. Айналғаны, толғанғаны ғажап-ақ, Ана сөзі шырын бал мен шекерден!

Аялаған, әлпештеген, өсірген, еркелігін, тентектігін кешірген.

«Қошақаным!...», - деген сөзі

Анамның

шыққан емес әлі күнге есімнен.

Әлі есімде, жымияның, күлгенің,

өзің барда еш алаңсыз жүргемін.

Әруағыңмен әлі қолдап келесің,

парызымды өтедім бе, білмедім?!

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ

ТІЛ ТАҒДЫРЫ – ЕЛ ТАҒДЫРЫ

Әлемде өмір сүріп жатқан әрбір халықтың өзіне тән рухани құндылықтары бар. Олар: Отаны, халқы, тілі, салт-дәстүрі және т.б. Бұл құндылықтардың әрқайсысы да адамзат өмірінде ойып тұрып орын алатын қасиетті ұғымдар. Осы баға жетпес рухани ұғымдардың ішіндегі «тіл» бүкіл адамзат үшін қадірлі де қастерлі дүние. Тіл ең алдымен қарым қатынас құралы. Тілсіз өмір – сүреңсіз де сұрықсыз. Дүние жүзінде жеті мыңдай тіл бар. Яғни, әр халықтың, әр ұлттың жанындай жақсы көріп, ардақтап, аялайтын үш бақыты болса, соның бірі – туған тілі. Ана тілі адам бойына жүре келе дарымайды. Ол аяулы ананың ақ сүтімен дарып, кемеңгер әкенің тәрбиесімен дамиды.

Мен-қазақпын. Ата-анам қазақ болды. Менің Отаным – Қазақстан. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі. Қазақ тілі – ғаламдағы ең бай, әдемі, құлаққа жағымды естілетін, жүректі бау-райтын, терең мағыналы һәм құдіретті сөз. Осынау кемел тілді құлағым ең алғаш рет естіп, қаныма сіңіп, аузымнан сөз құралған. Тарыдай болып мектеп табалдырығын аттап, нұрдан болған асыл тіліміздің арқасында бар білімнің бастауында, әріпті жекелеп жаттап, ежелеп екі сөздің басын қосып оқып, қараңғы қапас көкірегімізге қазақтың өшпес шоғын тұтатқанмын. Айбарлы қазақ тілінің қаймағы бұзылмай, мәртебесі асқақ болып тұрған шағы Кеңес үкіметінің боданына дейінгі кезең. Бөтен сөзбен былғанбаған қазақ тілі ол кезде топтан озған сәйгүліктің кейінінде еді. Елді дала заңымен басқарған хандарымыз, билер мен шешендер, батырлар мен қара халық ана тілдерінде сөйлеп, өз тілдерінде ойланған. Аузы дуалы билеріміз қойнауы қасиетке толан дара тіліміздің тұрған шағы жұдырықты қанға малмай-ақ талай дау-жанжал, соғыстарды шешіп отырған. Батырларымыз өз тілінде ұрандап жауға шауып, ақындарымыз қарсы келген қарсыласты қара сөзбен меселін басып, сағын сындырған. Қазақ таубасын ұмытып басынғанды қара сөзбен жылатқан, қайғы келіп киналғанды ана тілмен жұбатқан. Бұл менің дара тілім Абай, Мұхтар, Махамбет, Бауыржандар сөйлеген дара тілім.

Менің тілім – таусылмайтын байлығым, арқа тұтар айбыным! Ана тілі арқылы

алғашқы әліппені таныдым. Содан бері міне, ана тілімде сөйлеп, құрметтеп келемін. Өз тарихымды танып білдім. Туған тіліміздің абыройын асқақтату – әрбір азаматтың борышы. Себебі, біздің болмысымыз, салт-дәстүріміз, дініміз, мәдениетіміз осы тілімізде жатыр. Туған еліміздің мемлекеттік тілін білуге міндеттіміз. Өйткені, тіл – ата-бабамыздан бізге қалған аманаты. Тілдің көмегімен өнерді, білімді, ғылымды игереміз, өткен-кеткенімізді саралап, сабақ аламыз. «Өнер алды – қызыл тіл» деген осыдан шыққан болар. Тіл халықпен бірге жасайды, дамиды, өркендейді. Тәуелсіз Қазақстанның көгінде көк байрағымыз желбіреді, әр қазақтың жүрегінен Әнұранымыз айтылды. Қазақстан Республикасының тіл туралы Заңы қабылданды. Ендігі біздің міндетіміз – тілімізді сақтап, осы тілде сауатты жазып, ойымызды қазақ тілінде таза жеткізу, ардақтап құрметтеу.

Жасыратыны жоқ, қазіргі таңда өзге тілде шүлдірлесіп тұратын тегі, түрі қазақ жастарды кездестіріп қалғанда, жігерін құм болып, жасып қаласын. Қазақ ұлттың болашағы бұлыңғыр секілді сезіледі. Тіпті қазақ мектептерінің ауласында орысша сайраған балалардан ертең қандай ұлтшыл азамат шығатыны алаңдатады. Әрине, бұған кінәлілерді алыстан іздеудің қажеті жоқ. «Ұяда не көрсес, ұшқанда соны іледі», - деген тәмсілді қазақ отбасындағы тәлім-тәрбиені мензеп айтты. Кеңестік жүйе дәуірінде білімді орысша алған ұрпақ өз балаларын да орыс мектептеріне беріп, оқытқаны шындық. Соның салқыны бүгінгі шейін теріс ықпалын тигізіп келеді. Білік басында, депкттаттар корпусында шіреніп отырған шекпенді шенеуініктер мен «Заң шығарушылар» тәуелсіздік алған 30 жылдан астам уақыт бойы ана тілінде екі ауыз сөздің басын құрап сөйлей алмай жүргені де сол солақай саясаттың салқыны деп білемін. Қатаң талап, тәртіп болмай, қажеттілік тұғызбай, олардың ана тілінде сөйлеп кетеді, көсегесін көгертеді дегенге сенбейтін болдық. Себебі олардан мемлекеттік тілде сөйлеуі шарт екенін ешкім талап етпейді. Өзге ұлттар арасынан қазақшаны судай ағызып сөйлеп жүрген адамдар оларға ұлай бола алмайды, әсер де етпейді. Мұның да себебі – қажеттіліктің жоқтығы...

Тіл – мемлекеттің тұғырлы тірегі, халықтың рухани байлығы. Қазақ тілі біз-

дің рухани негізіміз. Біздің міндетіміз – оны барлық салада белсенді пайдалана отырып дамыту. Мемлекеттік тіл - тәуелсіз елдің негізгі рәміздерінің бірі. Тіл адамдардың қарым-қатынас құралы болғандықтан, ол сөйлеу әрекетінің арқауы болып табылады. Тіл – халықпен бірге өмір сүріп дамиды, әр ұлттың тілі – оның бақыты мен тірегі. Тіл – халықтың өмірдегі ең маңызды рөлдердің бірі ойнайды. Әр халық әр түрлі тілде сөйлейді, сол себепті тіл ол халықтың ойлау және сөйлеу түрін басқа тілдерден ажыратады. Қазақ тілі – әлемдегі ең бір әдемі де көркем тіл. Ол түрікі тобына жатады. Жан-жақты қалыптасқан, тарих соқпағынан өткен керемет тіл – Ана тілі және қазақ халқының байлығы. Оның өткені мен осы бүгінгісі және келешегі. Адамның ойын жарыққа шығаратын құрал – тіл. Тіл – адамдар түсінетін құрал болып қана табылмай, сонымен бірге атадан балаға мирас болып келе жатқан өмір тәжірибесін, өнер-білімін жеткізуші құрал. Рухани байлығымыз тіл арқылы жасалады, жеткізіледі. Кез келген халықтың тілі сол халықтың ұлттық ерекшелігін танытатын қойма тәріздес. Тіл байлығы – әр елдің, ұлттың мақтанышы.

Қазақстан Республикасының «Тілдер туралы» Заңында: «Тіл-ұлттың аса ұлы игілігі әрі оның өзіне тән ажырағысыз белгісі, ұлттық мәдениетінің гүлденуі мен адамдардың тарихи қалыптасқан тұрақты қауымдастығы ретінде ұлттың өзінің болашағы – тілдің дамуына, оның қоғамдық қызметінің кеңеюіне тығыз байланысты» делінген. Тілдің көмегімен өнерді, білімді, ғылымды игереміз, өткен-кеткенімізді саралап, сабақ аламыз. Тіл арқылы рухани байлығымызды меңгереміз. Өзіміз танып қана қалмай, сол асыл қазыналарымызды әлемге танытамыз, әлемді танымыз. Тіл – халықтың жаны, сәні, болмысы. Адамды мұратқа жеткізетін ана тілі мен ата дәстүрі. Қазақстан Республикасының негізгі халықтың тілі болып табылатын мемлекеттік тілді, яғни қазақ тілін құрметтеу, оны білу-біздің әрқайсымыздың асыл парызымыз. Кезкелген тілдің болашағы – балалардың, жастардың қолында екені рас. Балалардың тілді білмеуі, ұмытуы ұлтқа төнген қауіп. Сондықтан ән әуелі әрбір отбасы өз шаңырағындағы тіл саясатын түзеуі шарт. Әр отбасында отбасылық тілді дамыту бағдарламасы жасалмаса, мемлекет тарапынан жасалатын барлық іс-шара өзін-

өзі ақтамайды. Сондықтан, қазақ тілінің тағдыры қазақтың өзінің қолында. Сауатты ұрпақ тәрбиелеу дегеніміз, өз ана тілінде еркін сөйлей алатын, оны терең меңгерген ұрпақ. Ал ана тілін жақсы білмейінше сауатты сөйлеп, сауатты жазып, тіл байлығын мол қолданбайынша, шын мәніндегі мәдениетті адам бола алмаймыз. Б.Момышұлының «Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған тілімізді ұмыту – бүкіл ата-бабамызды, тарихымызды ұмыту» - деген болатын. Сондықтан тілімізді ұмытпай, әлемдегі ең мықты, бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына ену үшін қазақ тілін жоғары мәртебеде ұстауы керек деп білемін. Тіл тағдыры – ел тағдыры екенін ешуақытта ұмытпайық. Әрбір адам өз ана тілін білу және мемлекеттік тіліді меңгеруге міндетті. Мен ана тілімен мақтанамын және мемлекеттің тілін құрметтеймін. Сіздерді де осы мақсатқа шақырамын!

АНА ТІЛІМ...

*Алысырақ қалса-дағы дерт заман,
Ана тілім ардақталмай, орт болам.
Сөз арасын ботен сөзбен билғамай,
Қазақшалап сөйлеу деген*

– серт маған!

*Өлең-жырым ана тілде өріліп,
Тұрса қане, сөз маржаны төгіліп.
«Тіл бұзылса, ел бұзылар», дегенді,
Айтқаны жоқ қазақ атам ерігіп.*

*Анам тілін қалай сүймен жаныммен,
Анам сүті – мың есе артық дәріңнен.
Ана сүті, Ана тілі – бір ұғым,
Бір ұғыммен артық тұрам бәріңнен.*

*Тілім – ұлттың бетіндегі қаймағы,
Ділім, салтым*

– мәдениеттің аймағы.

*Құндылықтар қалған ата-бабадан,
Әдебиет пен сахнада сайрады.*

*Тіл дегенің – ұрпағыңның ертеңі,
Түп тамырдан тарихты мәнгері.
Шешен сөзі би бабамның шәкергі,
Дала-белдің гүлі сынды көркемі.*

*Тіл дегенің – ұлттың асқақ ұраны,
Ана тілде жазылсын заң, жыр-әні,
Бір гасырға тұқырылған шерменде,
Ана тілім қашан*

төрге шығады?!

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,
тіл жасанашыры, ақын

8-наурыз – аналар мерекесі

Біздің Приозерск қаласында жасы жүзге жақындаған ананың барын өз басым бұрын-соңды естімегендіктен, қалалық ішкі саясат бөлімі тарапынан алғаш хабарласқанда шынымен таң қалған едім. Ол кісінің аты-жөнін, мекенжайын алған бойда Наурыз көшесіндегі нөмірі бірінші үйге аттандым. Осы кезге дейінгі қырық жылға таяған журналистік қызметімде ең ұзақ жасағаны 97 жасқа келген атаймен әнгіме-сұқбат құрғаным есіме түсті. Атамыз әбден қалжыраған, көзі көрмейтін, құлағы естімейтін ғаріптің күйін кешіп жатқан еді. Сол кісінің халі көз алдыма келіп, жүзге кеп қалған, дұрысы тоқсанның тоғызынан асқанына тура екі ай болған «апамен қалай әнгімелесер екенмін?» - деген дұдамал оймен діттіп келген жер үйдің қақпасына ат басын тіредім. Телефон арқылы хабарласып келгендіктен, көліктің дауысын естіген ер кісі қақпаны ашты. Жүзі таныс жігіт ағасы үйге бастады. Әдеттегідей, «Ассалаумағалейкүм!» деп естектен енгенде, дастарқан төрінде келбеті келіскен, толықша денесіне оюлы қамзолы мен ақ жаулығы жарасқан, аяғын ақ жаймамен орап алған апамыз қолын ұсынып, сәлемімді жылышыраймен алды. Үйде қарсы алған зор денелі жігітті бұрыннан танытқанмын. Аман-саулықтан соң апаға қойған бірінші сауалым: «Көз бен құлақ қалай, апай?» - болды. «Күдайға шүкір, қарағым, иман қуатында отырмыз», - деген апаның жанарына жас ұялады. Келбетіне қарағанда, жүз жасты еңсерген кісіге ұқсамайды. Қарым-қабілеті әлі де бар секілді. Дегенмен, мұңлы жас жамылған жанарда ауыр қайғы табы жасырынғандай...

–Аяқ қалай апай, жүріп-тұрасыз ба? – деген сұрағым: «Қолдағы келінімнің қазасынан соң аяқтан қалдым. Одан бұрын екі бірдей келінім бақиға аттанған. Осы үш қайғы мені көп ойсыратып кетті, балам! Алла аманат жанды алмағасын, амалсыз отырмын осылай. Тек еңбектен шығамын далаға. Күн көзі жылтырап келеді ғой, аман


ЖАСЫ ЖҮЗГЕ ЖАҚЫНДАҒАН АНА

болсақ сыртқа шығып, тапшаңға отыратын күнді де көрерміз», - деген үлкен кісіні сұрақтармен шаршатпайын деп, апаның қысқаша өмір тарихын қолындағы ұлы Кентай мен анасының хал-жағдайын білуге келіп отырған Ораздан біліп алдым.

Зұлхия Көпділлаева апаның туған жері бұрынғы қазақ елінің астанасы болған Орынбор жақта екен. Шамасы әкесі бай кісі болса керек, Кеңестік қызылдардың қылышынан сескенген әкесі мен туыстары балашағаның амандығын ойлағандықтан, ол жақтан Өзбекстанға ауа қашып, қазіргі Ромитан ауданының Далмун деген ауылына орналасыпты. Ол кезде өзбек жері қызылдардың қырғынынан аздап болса да аман тұрған кез екен. Айлап сапар шеккен сәттер сол кезде 4-5 жаста болған Зұлхия апаның еміс-еміс есінде қалыпты. Мұнда қоныс аударғаннан кейін қарапайым шаруа баққан ата-анасы беймарал өмір сүріп, болашақ өмір жолдасы Алдаш Көптілеуұлына 15-16 жас шамасында ұзатыпты. Күйеуі шаруашылықта сиыр бағып, апаымыз сауыншылықпен айналысқан. Қарапайым еңбек адамдарының отбасынан он екі перзент өрбіп, бір қызы бала кезінде шетінеген. Қалған он бір ұл-қызды өсіріп, жетілдіреді. Жетпістен асқан тұңғыштары Ақберген аға бүгінде бірнеше бауырларымен бірге Түркістан облысының Түлкібас ауданында тұрады. Одан әрі – Бақтыгүл, Нақтыгүл, Бакберген, Шолпанай, Амангелді, Есен, Теңге, Ораз, Кентай және Жақсыгүл есімді ұл-қыздары Өзбекстан мен Қазақстан Республикаларының әр өңірлерінде өмір сүруде. Елуден асқанда 1983-жылы өміржолдасы Алдаш аға дүниеден өтеді. Бұдан әрі Зұлхия апа балаларын жалғыз тәрбиелеп, жетілдірген. Қырық жылдан астам уақыт қара жұмыспен айналысып, балаларының оқып, білім алуына, болашақ мамандық, кәсіптерін таңдауына, үйленіп, отбасылы болуына

қолдан келер барлық жағдайды жасаған.

–Анамыз өте қарулы кісі болды. Қоқыс таситын көліктің жұмыскері болып істеді. Бауырларымың алды еңбекке араласып, біздер де жетіліп, нан табар болғаннан кейін жан-жағынан қаумалай жүріп, жұмыстан әрең шығарып алғанбыз, - дейді Кентай жымия күліп. – Он бір баланы дүниеге әкелген, оларды өсіріп, жеткізген ана кеңестік жүйенің заңдарына сәйкес барлық ордендер-медальдарды омырауына қадаған. «Батыр Ана» және «Анаға Құрмет» орден-медальдарының кітапшалары сандықта сақталыпты. Отыздан астам немере, он бес шакты шөбере сүйген кейуана аманшылық болса, бірер жылда шөпшек сүйіп қалады. Алдағы жылы ғасыр тойын тойлағалы отырған эзиз жанның мұң-мұқтажын да сұрастырдым. «Мендегі басты арман – осы балаларымның жамандығын көрмей, мәңгілік мекеніме аттану ғана», - деп қысқа қайырды ана. Қазақстан Республикасының заңына да сәйкес Зұлхия анамызға көп балалы аналарға берілетін «Алтын алқа» тағылуы керек еді, алайда Өзбекстан Республикасы төлқұжатының уақыты өтіп кетіп, дер кезінде азаматтық ала-алмауына байланысты осы марапатына қол жеткізе алмапты. Қолдағы ұлы Кентай мен марқұм келіні Ұлбала құжаттарын рәсімдеп бітуге жақын қалғанда, келінінің өзі науқастанады да, көп уақыттары сол кісіні емдеуге арналған. Ақырында бытыр дүниеден өткесін, құжат мәселесі тағы назардан сырт қалыпты. Ұлбала марқұмнан қалған Райхан қызы былтыр Елордадағы Еуразия университетіне грантпен оқуға түсіпті. Ұлы Мұхтар оның сынып оқушысы. Апаға осы Мұхтар мен ұлы Кентай қарап, баптап отыр. Бұрын ішкі істер қызметкері болған Кентай бүгінде «Ер-Тай» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде күзетші болып қызмет атқарады екен. Қалада тұратын ұл-қыздары, келіндері



аналарынан жиі хабар алып, киім-кешегін жуып беруге көмектеседі.

Қазіргі күн шуақтанып, қар еріп жатқан мезгілде жер үйдің ауласы балшыққа айнала бастапты. Оған қиыршық тас төсеіп, ретке келтіруге Кентайдың жағдайы келмей жүрген көрінеді. Ғасыр жасаған анамызға қаладағы тиісті мекемелер тарапынан көмек ретінде қолқабыс етеді деген үміттеміз және бұл мәселеге олардың назарын аударатын боламыз.

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,
газеттің арнаулы тілшісі.
Суреттерде: З.Көпділлаева және
марапат кітапшасы.
Суреттерді түсірген автор.

Мұқағали Мақатаевтың туғанына – 91 жыл

Қазақ халқының танымал ақыық ақыны Мұқағали Мақатаевтың туғанына 91 жыл толуына орай, Қарағанды облысы білім басқармасының Приозерск қаласы білім бөлімінің «№1 жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2 «г» сынып оқушыларымен ашық тәрбие сағаты ұйымдастырылып өткізілді. «Бүгін менің туған күнім...» тақырыбындағы ашық тәрбие сағатының мақсаты-оқушылардың өлеңдерін жатқа айтқыза отырып, олардың бойындағы поэзияға деген қызығушылықтарын арттыру болатын.

Көзі тірісінде ақын Мұқағали Мақатаев: «Егер сіздер шынымен менің өмірбаянымды, шығармашылығымды зерттемек болсаңдар, онды мен не жазам, соның бәрін түгел оқып шығуды ұмытпағысыздар. Мен өз өлеңдерімнен бөліп қарамауларыңызды өтінем» - деген екен. Ашық тәрбие сағатының басты бағдары - ақын Мұқағали Мақатаевтың өмірі мен шығармашылығына арналғандықтан, сынып оқушыларымен бірге ойласа отырып, ақынның 9 ақпандағы туған күніне орай өткізуді жөн көргенімізді айта кету керекпіз. Сынып оқушысы Әсет Балабек ақын Мұқағалидың «Арыз жазып кетейін...» атты өлеңін жатқа айтып, ашық тәрбие сағатының бетпердесін ашып берді. Ақынның:

«Бүгін менің туған күнім, ой, бәле-ай!

Мына адамдар неге жатыр тойламай?!...», - деп, басталатын өлең жолдары өлең мен жырға әуес оқушыларды бірден баурап әкеткені анық.

Келесі кезекте Алина Орынбасар тақта алдында ақынның өмірлік бейнесін көрсетіп беретін «Менің анкетам» атты өлеңін жатқа айтып қана қоймай, ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың:

- Туған жерің?

- Ұланымын, Қарасаз деп аталатын

ПОЭЗИЯ, МЕНІМЕН ЕГІЗ БЕ ЕДІЦ..?

ауылдың.

- Туған жылың?

- 1931. Құрдасымын Шәмілдің...» - деп, ұйқасын тапқан өлеңі арқылы ақынның өмірі мен шығармашылығына арнайы талдау жасады.

Бұлақтардан, бақтардан, алаңдардан.

Шырақтардан, оттардан, жалаулардан

Сені іздедім жоғалған замандардан...

....Сені іздедім.

Іздеймін тағат бар ма?

Сені маған егіз ғып жаратқан ба?.



Одан әрі сынып оқушысы Томирис Бахытжанқызы ақын Мұқағалидың «Поэзия» атты өлеңін асқан тебіренген көңілмен, еш мүдірместен жатқа айтып берді:

Поэзия, менімен егіз бе едің,

Сен мені сөзсің бе, неге іздедім?

Алауыртқан таңдардан сені іздедім,

Қарауытқан таулардан сені іздедім.

Сені іздедім кездескен адамдардан,

Ақын Мұқағали Мақатаевтың өлеңдері жатқа айтылып, ашық тәрбие сағатының көркі қызған шақта сынып оқушылары ақынның Отан мен туған жерге арналған өлеңдеріне ерекше мән беріп, шын ықыласпен тыңдағанына куә болдық. Әсіресе, Мерей Кәрім ақынның:

«Мен оның түнін сүйем, күнін сүйем,

Ағынды өзен, асқар тау, гүлін сүйем,

Мен оның қасиетті тілін сүйем,

Мен оның күдіретті үнін сүйем...», -

деп, басталатын «Отан туралы» өлеңін жатқа айтқанында сынып оқушыларының шын ықылас танытқаны анық байқалды.

Еле-шала ақынның «Үш бақытым» өлеңін еш бөгелмей айтып шыққан сынып оқушысы Назерке Өмірзақ өз кезегінде:

«...Бақытым бар үшінші – Отан деген,

Құдай деген кім десе, Отан дер ем!

....Оты сөнген жалғанда жан барсың ба?

Ойланбай-ақ кел дағы от ал менен...», -

деп тебіренсе, сынып оқушысы Бану Жұмахан ақын Мұқағалидың:

«Таныс өлке,

Таныс аймақ,

Таныс маң:

Анау жерде - құрбылармен алысқам,

Анау жерде - құрбы жанмен табысқам.

Алба-жұлба ақша бұлттар жарысқан,

Таулар әне, ұйықтап кеткен данышпан,

Жолдар анау, шұбатылып шаңы ұшқан,

Таныс өлке, таныс аймақ, маң...» - деп,

әдемі ұйқас өрнегімен жазылған «Туған жерге» өлеңін еш өзгеріссіз қаз қалпында жатқа айтып берді.

Келешек ұрпаққа баға жетпес рухани қазына қалдырып, мәңгілік музға айналған Мұқағали Мақатаевтың ерен есімі мен мол ғибрат, таусылмас тәлім-тәрбие арлық туындылары қазақ халқымен бірге мәңгі жасай бермек.

«Ақын болсаң, бол тайсалмаған,

Сен айт менің ойымды, айта алмаған»,

- деп болашақ ұрпаққа жол сілтеген ақын Мұқағали жырлары, өлең мен жырға құштар оқушыларға шабыт беріп, өз бойларын-дағы таланттарын шындығына арқау болады деген сенімдеміз!

Мөлдір Ходжаева,

«№1 жалпы білім беретін мектебі»

КММ-нің 2 «г» сынып оқытушысы

Қазақстан мемлекетінің дін және зайырлылық саясаты, мұндағы басты бағыттары жайлы сөз қозғалғанда мемлекет алдындағы стратегиялық мақсаттарды ескере, жалпылай қарастыру қажет. Ең алдымен, біраз себептерге байланысты, мемлекеттіліктің зайырлылық моделі Қазақстан үшін баламасыз екенін атап кеткен жөн. Зайырлылық негізіне құрылған мемлекет басқару принципі бүгінгі таңдағы көпконфессионалды және полиэтникалы мемлекетіміздегі бірегей модель екенін түйсінуіміз керек. Қазақстан әлем бойынша зайыры мемлекет ретінде танылады. Елімізде әр түрлі дін өкілдері өзара бейбітшілік пен келісімде өмір сүріп жатыр. Біздің басты мақсатымыз – жастарымыздың деструктивті діни ағымдардың ықпалына түсуіне жол бермеу. Сондықтан оларға мұны түсіндіріп, дұрыс бағдар көрсетуіміз керек.

Діндер мен дін өкілдеріне қатысты да мемлекет өз тарапына шектеулер алады. Мысалы, діни ұйымдардың іс-әрекетінде заң бұзушылық байқалмаған жағдайда олардың өзіндік діни тәжірибесіне араласпау. Әсіресе, бұл догматикалық мәселелерге байланысты – ғасырлар бойы қалыптасқан діни доктриналар мемлекеттік органдар тарапынан реттелмеуі қажет. Азаматтардың дінге қатысты ұстанымына мемлекет араласпайды. Діни көзқарасы үшін ешкім де кемсітілмейді. Әркім өзі үшін қажетті немесе қолайлы деп таныған дінді таңдауға құқылы. Қандай да бір сылтаумен немесе формамен нақты бір дінді ұстануға мәжбүрлеуге жол берілмейді.

Мемлекетті құраушы ұлттың ділін, мәдениетін және руханиятын сақтай отырып, қалай заманауи, дамушы мемлекет болып қала беруге болады деген сұрақ көпшілікті мазалайды. Конституциялық құрылымның зайырлы ұстанымы деген не? Ол Қазақстан Республикасындағы ислам дамуына қайшы келмейді ме?


Коронавирус

Карагандинский фармацевтический комплекс начал производство однокомпонентной вакцины «Спутник Лайт», передает Kazpravda.kz.

Препарат, разработанный для ревакцинации в российском НИИ имени Гамалеи, зарегистрирован в Казахстане еще в сере-

ЗАЙЫРЛЫҚ – ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНЫҢ РУХАНИ ДАМУЫНЫҢ КЕПІЛІ

Бұл сұрақтардың жауабына: ислам жауапкершілік пен әр нәрсенің артықшылығын дұрыс анықтайды. Мұхаммед пайғамбар (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) билік, дәреже және байлықты көздеп, басшыны ауыстыруға шақырмаған.



Діннің негізі – «дінде мәжбүрлеу жоқ».

Мұхаммед пайғамбар (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) өзін қуғынға ұшыратқан меккеліктерді әрқашан бейбітшілікке шақырып отырған және Худайбияда жасалған екі жақ арасындағы шарт мұсылмандар үшін айтарлықтай қолайсыз болса да келіседі. Бұл шартта ол өзінің пайғамбарлығын меккеліктерге мойындатқызуды көздемеді. Меккеліктер арасындағы жаңадан ислам қабылдағандардың басқа мұсылмандарға қосылмауына, қажылық өтеуін келесі жылға қалдыруына – қан төгісті болдырмау үшін келісті. Бірақ, келісімде діни

көзқарас пен адамдарға жеткізу еркіндік кепілі қарастырылды.

Бұл мысал исламның, яғни, мұсылмандардың бейбітсүйгіштігінің анық дәлелі. Сәлемдесудегі «Ассалаумағалейкум» сөзі бейбітшілік тілеуді білдіреді. Керісінше,

адамдардың ақылмен шешім қабылдамай, олар арасында агрессия, төзімсіздік, қаттығысты тудыру – бұл исламның таралуына тосқауыл қойып, адамдарды нәпсісіне ергізу арқылы басқаруды көздегендердің мақсаты.

Бір сөзбен айтқанда, мұсылманның қоғамдық келісімді сақтап, адамдар арасында бейбіт өмір сүруіне исламда қайшылық жоқ. Осылайша, Конституция діни сенім бостандығына кепілдік береді. Сонымен қатар «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» ҚР 2011 жылғы Заңы бойынша ханафи мазхабы Қазақстанда дәстүрлі

Дін және мемлекет

ислам діни ұстанымы ретінде танылады.

Біз егемендігімізді алғалы бері: адамның діни сеніміне қарамастан тең құқылы қарым-қатынас құруды, дін ұстану адам өмірі мен денсаулығына, қоғамдық негіздерге қауіп келтірмейтіндей ережелерді қалыптастырдық.

Сондықтан, бүгінгі таңда зайырлылық Қазақстанның рухани дамуының кепілі болып табылады.

Атеизм мен зайырлылықты теңестіруге болмайды. Қазақстан Республикасының Конституциясы діни сенім бостандығына кепілдік береді. Ел президенті «зайырлылық атеисттік дегенді білдірмейді» деп анық айтты.

Байқағанымыздай, зайырлылық пен руханият бір-біріне қайшы келмейді, себебі зайырлылық ұғымы – мемлекет басқару формасы, ал руханият – дін құраушысы. Зайырлы мемлекетте әртүрлі діни ағымдар өмір сүре алады, барлығына ортақ қағида – азаматтардың заңға бағынып, заң алдында тең болуы.

Ең бастысы, зайырлылықтың идеологиялық негізі жоқ, зайырлылық – дүниетанымдық бейтараптық пен басқару формасы. Егер де зайырлылықты дінге қыспақ жасау деп түсінсек, әлбетте зайырлылық пен руханият арасындағы байланысты түсінуде қиындықтар пайда болады. Зайырлы, дін ұстанушы азаматтың бейнесі – ол ең алдымен заңға бағынған, өз халқының салт-дәстүріне құрмет көрсететін және діни радикалды деструктивті идеологияны қолдамайтын азамат.

Т.А. Айдарханов ,

"Приозерск қаласының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы

ВАКЦИНУ "СПУТНИК ЛАЙТ" НАЧАЛИ ПРОИЗВОДИТЬ В КАЗАХСТАНЕ

дине прошлого года. Его доказанная эффективность составляет 79,4%.

«Валидационные партии данной вакцины уже произведены на КФК и отправлены на контроль качества в Россию, ожидается регистрация препарата казахстанского произ-

водства в РФ», – сообщается на странице КФК в Facebook.

Отметим, Карагандинский фармацевтический комплекс наладил выпуск первого препарата от COVID-19 «Спутник V» для вакцинации казахстанцев. С февраля 2021

года в гражданский оборот было отправлено 7 млн доз столь необходимой вакцины для борьбы с распространением инфекции в период пандемии.

«Следующий шаг – освоение производства однокомпонентного препарата «Спутник Лайт» для ревакцинации населения», – отметили здесь.

Источник: <https://kazpravda.kz/n/>

ҚАЛАЛЫҚ СОТ ЖҰМЫСЫНЫҢ ҚОРТЫНДЫСЫ

Бүгінгі таңда соттарды мамандандыру мәселесі біздің елде қарқынды дамып келеді. Соттарда қаралатын барлық саладағы азаматтық, әкімшілік және де аса ауыр қылмыстар туралы істерді қарайтын соттар сот жүйесінде өз орнын алды. Қаламыздағы сот органының қызметкерлер ұжымы 2021-жылдың 12 айында атқарылған жұмысын қорытылады.

«Осы орайда айта кетерім, біздің атқарып жатқан жұмыстарымыздың нәтижесі туралы халыққа ақпаратты жеткізетін бірден-бір құрал ол – бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері. Сондықтан біз осы шараны ұйымдастыра отырып, журналистер қауымы және қалалық «Приозерский вестник» газеті арқылы біздің мекеменің жұмысымен таныстырғымыз келді. Бұл, біріншіден қаралып жатқан істердің ашықтығын дәлелдесе, екіншіден, азаматтардың

құқықтары мен бостандықтарын қорғауға кепілдік береді,-деді баспасөз конферен-



циясысын ұйымдастыру барысында сот төрағасы Б. Амантайұлы.

Осы мәселеге орай 2022-жылғы 23-ақпанда Қарағанды облысы Приозерск қала-

лық сотымен бұқаралық ақпараттық құралдарының өкілдерімен 2021-жылдың 12 айын қорытындылау бойынша баспасөз конференциясы өткізілді. Аталған баспасөз конференциясына сот төрағасы Бял Аманбайұлы Даупбаев, кенсе меңгерушісі Д.А. Сатыбалдин және «Приозерский Вестник» газетінің арнаулы тілшісі ҚР

Баспасөз конференциясы

журналистер Одағының мүшесі Нұрғали Қыдырмұратұлы Қарабеков қатысты.

Баспасөз конференциясында Б.А. Даупбаевпен есептік кезеңінің өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырмалы қорытындысы талқыланды. Атап айтқанда, 2021-жылдың 12 айында 42 қылмыстық іс түскен (2020-жылы 46), 297 талап арыз түскен (2020-жылы 221) сонымен қатар, 385 әкімшілік құқық бұзушылық іс қаралған (2020-жылы 376). Сонымен қатар, БАҚ-өкілдеріне сотқа жеткізбей дауларды шешу, медиация тәртібімен татуласу мүмкіншіліктері туралы тұрақты түрде түсіндіру жұмыстары жүргізіліп отыратыны айтылды. Қатыстып отырған БАҚ өкілінің сұрақтарына толық жауап берілді.

Қарағанды облысы Приозерск қалалық сотының баспасөз қызметі.

К сведению жителей города

Согласно Приказа Министра здравоохранения Республики Казахстан от 30 декабря 2020 года № КР ДСМ-336/2020 «О некоторых вопросах оказания государственных услуг в сфере санитарно-эпидемиологического благополучия населения» РГУ «Приозерское городское управление санитарно-эпидемиологического контроля» оказывает 4 вида государственных услуг, из них:

«Выдача санитарно-эпидемиологического заключения о соответствии (несоответствии) объекта высокой эпидемиологической значимости нормативным правовым актам в сфере санитарно-эпидемиологического благополучия населения и гигиеническим нормативам»;

"Присвоение учетного номера объекту производства (изготовления) пищевой продукции";

"Выдача санитарно-эпидемиологического заключения на проекты нормативной документации по предельно допустимым выбросам и предельно допустимым сбросам вредных веществ и физических факторов в окружающую среду, зонам санитарной охраны и санитарно-защитным зонам, на сырьё и продукцию";

Выдача санитарно-эпидемиологического заключения о согласовании сроков годности и условий хранения пищевой продукции.

Услугодателем является Комитет санитарно-эпидемиологического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан и его территориальными подразделениями (далее – услугодатель).

Способы предоставления государственной услуги через веб-портал "электронного правительства": www.egov.kz (далее – портал).

ОКАЗАНИЕ ГОСУДАРСТВЕННОЙ УСЛУГИ В СФЕРЕ САНИТАРНО-ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО БЛАГОПОЛУЧИЯ НАСЕЛЕНИЯ

Срок оказания государственной услуги 5-10 (десять) рабочих дней, в зависимости от получения вида государственной услуги согласно заявления.

Форма оказания государственной услуги электронная (частично автоматизированная).

Результат оказания государственной услуги: санитарно-эпидемиологическое заключение, либо мотивированный ответ об отказе в оказании государственной услуги.

Форма результата оказания государственной услуги: электронная.

Результат оказания государственной услуги в форме электронного документа, подписанного ЭЦП уполномоченного лица услугодателя направляется и хранится в "личном кабинете" услугодателя.

Государственная услуга оказывается физическим и юридическим лицам (далее – услугодатель) на бесплатной основе.

График работы:

1)услугодателя: с понедельника по пятницу включительно, с 9.00 до 18.30 часов, с перерывом на обед с 13.00 до 14.30 часов, кроме выходных и праздничных дней, согласно трудовому законодательству Республики Казахстан.

2)портала: круглосуточно (за исключением технических перерывов в связи с проведением ремонтных работ). При обращении услугодателя после окончания рабочего времени, в выходные и праздничные дни, согласно трудового законодательства Республики Казахстан, прием заявлений и выдача результатов оказания

услуги осуществляется следующим рабочим днем.

Перечень документов необходимых для оказания государственной услуги: заявление в форме электронного документа, удостоверенного ЭЦП услугодателя, по форме согласно приложению 5 настоящих Правил;

-электронная копия протоколов исследований (испытаний), проведенные аккредитованными лабораториями в соответствии лабораторно-инструментальными исследованиями (испытаниями), необходимыми для получения санитарно-эпидемиологического заключения согласно приложению 6 настоящих Правил.

Основаниями для отказа в оказании государственной услуги является, установление недостоверности документов, представленных услугодателем для получения государственной услуги, и (или) данных (сведений), содержащихся в них; несоответствие представленных данных и сведений, необходимых для оказания государственной услуги требованиям, установленным нормативными правовыми актами в сфере санитарно-эпидемиологического благополучия населения, утвержденными согласно пункту 4 статьи 94 Кодекса Республики Казахстан от 7 июля 2020 года "О здоровье народа и системе здравоохранения".

Иные требования с учетом особенностей оказания государственной услуги, в том числе оказываемой в электронной форме и через Государственную

корпорацию.

1.Адреса мест оказания государственной услуги размещены на интернет - ресурсе gov.egov.kz.

2. Услугополучатель имеет возможность получения государственной услуги в электронной форме через портал при условии наличия ЭЦП.

3. Услугополучатель имеет возможность получения информации о статусе оказания государственной услуги в режиме удаленного доступа посредством "личного кабинета" портала, а также единого контакт-центра по вопросам оказания государственных услуг.

4.При оказании государственной услуги через портал доступна версия для слабовидящих.

5.Контактные телефоны справочных служб по вопросам оказания государственной услуги указаны на интернет-ресурсе: gov.egov.kz. Единый контакт-центр по вопросам оказания государственных услуг: **1414, 8 800 080 7777**.

Государственную услугу можно получить по принципу "одного заявления" в совокупности с государственной услугой "Присвоение учетного номера объекту производства пищевой продукции, подлежащего государственному контролю и надзору в сфере санитарно-эпидемиологического благополучия населения".

Приозерское городское управление санитарно-эпидемиологического контроля

1 наурыз – Алғыс айту күні

Жыл мезгіліндегі көктемнің алғашқы күнінен тұспа-тұс келетін мереке – Алғыс айту күні. Бұл күні барша қазақстандықтар бір-біріне құрмет көрсете отырып, шексіз ризашылығын білдіреді. Осы айтулы мереке күні – қазақстандық патриотизмнің, бірліктің және



АЛҒЫСҚА ТОЛЫ АЛҒЫС АЙТУ КҮНІ

достықтың жарқын мерекесі. Алғыс айту мерекесі күнінің басты бағдары – бір-біріне деген құрметті көрсете отырып, егеменді еліміздегі отансүйгіштікке тәрбиелеу болып табылады. Біздің білуімізше «алғыс» сөзінің ұғымы көп нәрсені аңғартады. Мәселен, дана халқымызда «Алғыспен ел танған» деген секілді бабалардан қалған ұлағатты сөздер бар. Осы ретте «Астана» өңірлік қолбасшылығы әскерлері 06708 әскери бөлімінің мерзімдік қызмет әскери қызметшілері де өз ойларымен бөліскен болатын. Қатардағы жауынгер Сардалов Мансур Афиұлы өзінің Отан алдындағы азаматтық борышын Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қатарында абырой-

мен атқарып жүргенін мақтан тұтса, қатардағы жауынгер Шередеко Камиль Владимирович берілген тапсырмаларды орындау кезінде дұрыс бағыт беретін командирлеріне алғыс білдіргісі келетінін жасырмады.

Ойымызды жинақтап түйіндей келе айтарымыз, өзара алғыс айту – адамдар арасындағы сенімді, сыйластықты арттыратын құрал екендігі белгілі. Сондықтан да қаумалаған көпшілік ортада бір-бірімізге алғыспен қарау өте орынды деп санаймын!

Думан Құрманғалиев
Приозерск гарнизонының баспасөз хатшысы

НАСЛЕДСТВЕННОЕ ДЕЛО

Открыто после смерти **Кутибаева Сакен Кызылбаевича**, умершего 22 января 2022 года. Наследникам, а также физическим и юридическим лицам, к которым Кутибаев Сакен Кызылбаевич имел обязательства, обращаться к нотариусу Карабекову С.С. по адресу: Карагандинская область, город Приозерск, улица Космонавтов, дом 1 "Центр по обслуживанию населения филиала НАО "Государственная корпорация "Правительство для граждан", офис 2. Справки по телефону: **5-45-94; +7 701 475 9101**; e-mail: sailau.karabek@mail.ru

открыто после смерти **Овчинникова Юрия Владимировича**, умершего 29 августа 2021 года. Имеющим наследникам обращаться к нотариусу Ахметову Р.Б. по адресу: г.Приозерск, ул.Кисунько, д.1Б, тел. **8-775-1627005**

Меншік иесі: "ЖК А.В. Струментов".

"Приозерский вестник" газеті Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігінде 15.03.2004 ж. №4843-г тіркелген, 24.12.2018 ж. № 17414-Г МББ қайта тіркеу туралы куәлігі. Редакцияның мекен-жайы: 101100 Приозерск қаласы, Космонавттар көшесі, 5 үй, 106-107 оф.

Анықтама телефондары: +7-705-981-86-79 (бас редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор). E-mail: prz_westnik@mail.ru; [instagram: https://shortlinks.plus/zmsid](https://shortlinks.plus/zmsid), [fb: https://shortlinks.plus/qfbKi](https://shortlinks.plus/qfbKi) Газет Қарағанды қаласы, Сәтпаев көшесі 15, "Арко" ЖШС-де басылды. Тапсырыс № 09/757. Таралымы: 500 дана, көлемі-1 б.т., пішімі - А2, 4 бет.

Бас редактор: **Б.А.Кенжебеков**.
Техникалық редактор: **А.В.Струментов**.
Жеке хабарландырулар мен жарнама беру үшін мына телефонға хабарласыңыз: **+7-705-466-60-63**
Хат-хабар мына электрондық мекенжайға қабылданады: prz_westnik@mail.ru

Газет газет-журналдарды сататын орындарда (баспа киоскілері, дүкендер, базарлар), редакцияларда және Приозерск қаласындағы жеке таратушыларда таратылады. Сондай-ақ облыстың барлық қалалары мен аудандарында жазылу бойынша.
Жазылу индексі - 65041
Хаттар, қолжазбалар, фотосуреттер мен суреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Келтірілген фактілердің, статистикалық деректердің, тиісті атаулардың, географиялық атаулардың және басқа да деректердің дәлдігі үшін жарияланым авторлары жауапты болады. Редакция жарнаманың мазмұны үшін жауап бермейді. Авторлардың пікірі редакцияның пікірімен сәйкес келмеуі мүмкін. Редакцияның келісімінсіз материалдарды қайта басуға тыйым салынады.